



**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**ҚАУЛЫ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

№ 41-Б

« 2 » қараша 2020 жыл

Қарағанды қаласы

**Қарағанды облысының Бұқар Жырау,  
Қарқаралы, Осакаров аудандарында  
сыртқы шекараларында орналасқан  
кіріп/шығуды бақылау үшін  
санитарлық бекеттерді орнату туралы**

Мен, Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Ю. Л.Залыгин, Қазақстан Республикасында COVID-19 (әрі қарай- КВИ) аурушандығы бойынша материалдарды қарастырып, 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 9, 38, 104-баптарына, «Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығына сәйкес Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының аумағында коронавирустық инфекция бойынша эпидемиялық жағдайдың күрделенуіне байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. **Бұқар Жырау, Қарқаралы, Осакаров аудандарының әкімдеріне-2020 жылғы 04 қараша сағат 00.00 - ден бастап** Қарағанды облысының сыртқы шекараларына кіруді/шығуды бақылау үшін санитариялық бекеттер орнатуды, Молодежный кенті ауданындағы «Қызылорда-Павлодар» автомобиль жолы, Үміткер кенті ауданындағы «Қалқаман-Баянауыл-Үміткер-Ульяновск» автомобиль жолы 271км, Семей қаласы, Кентөбе кенті ауданындағы «Қарағанды-Аягөз-Бұғаз» автомобиль жолы жағынан кіру/шығу пункттерін айқындауды қамтамасыз етілсін.

2. **Бұқар Жырау, Қарқаралы, Осакаров аудандарының әкімдері және Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысына (Е. Ш.Нұрлыбаев):**

1) санитариялық бекеттерді Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарынан келетін жүргізушілер мен жолаушыларды тексеру үшін пункттермен және қажетті медициналық жабдықпен жабдықтау;

2) санитариялық бекеттерде карантиндік аймаққа/аймақтан келетін және кететін адамдарға байланыссыз термометрия жүргізу және күн сайын деректерді

Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне бере отырып, сауалнама жүргізу;

3) карантиндік режимді қамтамасыз етуге тартылған барлық қызметтердің шектеу іс-шараларын жүргізу кезіндегі биологиялық қауіпсіздік режимі, оларды жеке қорғаныш құралдарымен, жеке гигиенаны сақтау үшін қажетті үлеспен және жағдайлармен жарактандыру, сондай-ақ шығатын автокөлікті блок-бекеттерде дезинфекциялық өңдеу;

4) санитарлық бекеттерде жұмыс істеу үшін медицина қызметкерлерін бекіту.

**3. Қарағанды облысының полиция департаментіне (Е. Ж. Файзуллин):**

1) 2020 жылғы 04 қараша сағат 00.00-ден бастап санитариялық бекеттерді (кіру/шығу) коронавирустық инфекцияға зерттеудің теріс нәтижесі жоқ адамдардың кесіп өтуіне жол бермеу;

2) карантин режимін және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулыларымен белгіленген талаптарды бұзатын адамдарға шаралар қабылдауға міндетті.

**4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.**

**5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.**

**Қарағанды облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Ю.Л. Залыгин**